

**«Қазақстанның қаржы секторын дағдарыстан кейінгі реттеудің  
кейбір бағыттары туралы»  
Астана қаласында 2010 жылғы 1-2 шілдеде өткен  
III Астаналық экономикалық форумда сөйлеуге арналған  
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігінің Төрайымы Е.Л.Бахмутованың  
баяндамасы**

Еліміздің қаржы секторының дағдарыстан кейінгі реттеуі баяндамамның тақырыбы болып табылады. Қазіргі замандағы коммуникациялар, қазіргі замандағы қаржы технологиялары дағдарысты өрбіткен төтенше жылдамдықты тудырып, оның барлық елдерге тез таралуына әкелді. Қорытынды айқын: дағдарыстан тек бірлескен үйлесімді іс-әрекеттердің нәтижесінде ғана шығуға болады, туындайтын проблемаларды оңтайлы шешу үшін қарқынды ақпаратпен алмасу, әлем нарықтарындағы үрдістеріне және әлемнің алдыңғы қатарлы экономикаларында қабылданатын шараларға мониторинг пен мұқият шолу жүргізу қажет.

Еліміздің қаржы секторының тұрақты жұмыс істеуі Қазақстанның негізгі дағдарыстық құбылыстарды жеңгенін көрсетеді. Үкіметтің Ұлттық Банкпен және Агенттікпен бірлесіп дағдарысқа қарсы жүргізетін саясаты бұдан да терең экономикалық құлдыраудың алдың алуға және отандық экономиканы үдемелі өсу қарқынына тез арада жеткізді.

Бірінші және ең маңызды проблема банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылды. Қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері жөніндегі Заңды уақтылы қабылдаудың (2008 жылғы қазан) нәтижесінде жүйелі тәуекелдің болу ықтималын тоқтатып және банктердің кредиттік белсенділігін қолдап, мемлекет 4 жүйе құраушы банктің капиталына кірді.

Осы шараларға қоса сол жылы банктердегі салымдар бойынша заңнамалық деңгейде ең төменгі кепілдік мөлшерін өсіру халықтың депозиттерін қайтып алуын болдырмауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, жағдайды жақсарту мақсатында мемлекет 2 жүйе құраушы банктердің негізгі

кредиторларымен шығындар тәуекелдерін бөлісумен, оларды қайта құрылымдау бойынша радикалды шараға барды.

Кредиттеудің тиісті қарқыны бос қалған қаржыны ішкі активтерге қайта бағыттау, оның ішінде Қазақстан Республикасының резиденттеріне кредиттер беру арқылы банктердің инвестициялық қызметін қатаң шектеу жолымен реттеу әдістерімен қамтамасыз етілді.

Жалпы, дағдарысқа қарсы шұғыл шараларды іске асыру 2009 жылда банктердің тұрақтануын және кредиттік портфельдің қалыпты өсуін қамтамасыз етті.

Экономикалық жағдайға және қабылданған реттеу шараларына байланысты жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 29%-ға төмендеп, банктердің сыртқы міндеттемелері де төмендеді, ол қауіпсіз шаманы білдіреді.

Сыртқы қорландыру ішкі депозиттер сияқты, қаржыландырудың ішкі көздерімен жойылды.

Қазақстандағы экономикалық белсенділіктің жандануы банктердің кредиттік тәуекелдерінің төмендеуін де көздейді. Елдің тұрақты экономикалық өркендеуі үшін экономиканың қолайлы кредиттеуіне жағдай жасау қажет.

Осы жылдың басында Қазақстанда Қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасы қабылданды және Агенттіктің қадағалау-реттеу тәжірибесі осы Тұжырымдамада белгіленген бағыттар аясында жетілдіріледі. Тұжырымдаманың маңызды бір негізі Қазақстан экономикасын қаржыландырудың ішкі көздерін дамыту және оған жағдай жасау, қаржы секторын реттеуде қарсы циклдік қағидатын және макропруденциалдық реттеуді жетілдіруді енгізу болып табылады.

Агенттік халықаралық ұйымдар жаһандық дағдарыстың «сабақтарын» ескере отырып жасаған негізгі ұсынымдарын іске асыруды бастағанын ескеру қажет. Бұл ретте жаңадан реттеу қарапайымнан күрделіге қарай іске асырыла бастайды, ақырғысы қиындау сипатта болғандықтан экономика және қаржы жүйесі тұрақты өркендеуіне қарай өз күшіне енгізіле бастайды.

Атап айтқанда, 2011 жылғы 1 шілдеден бастап Базель комитетінің банктік қадағалау жөніндегі ұсынысына сәйкес келетін мерзімсіз қаржы құралдарының бірінші деңгейдегі капиталынан алып тастау арқылы банктер капиталының сапасын жақсартуға бағытталған нормалар күшіне енгізіледі (Consultative Document/ “Strengthening the resilience of the banking sector”/Issued for comment by 16 April 2010/December 2009). Одан басқа банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігін бағалау левереджге тәсілдерді қайта қарау арқылы жақсарады, олар 2013 жылы активтерінің және баланстан тыс міндеттемелерінің кемінде 9% өтелуі тиіс.

Валюталық түсімі жоқ заемшылардың шетел валютасында кредиттеу, реттеуіш әдістерімен ынталандырылмайды. Тиісті норма қолданысқа енгізілді.

Жиынтық банк міндеттемесінің 30% аспайтын деңгейге дейін сыртқы қорландыруды шектеу және қаржы ұйымдарының сыртқы активтері бойынша тәуекелдерді қысқарту бойынша жұмыс жалғасуда. Одан әрі сыртқы көтерме қорландыру тәуекелдері міндетті түрде бағалану және хеджирленуі тиіс. Дағдарыстан кейінгі кезеңде сыртқы қорландыру макропруденциалдық реттеу объектісі болуы және банк секторы мен экономика үшін жүйелілік тәуекелі болып табылмауы тиіс.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» - бірінші бағыты және «кәсіпкерлік секторды сауықтыру» екінші бағыты бойынша банктерді ынталандыру қамтамасыз етіледі. Бірінші бағыты жобаларды іске асыру үшін банктердің кредиттері бойынша пайыздық ставканы субсидиялауды және банктердің жобаларды іске асыруға бағытталған кредиттері бойынша ішінара кепілдік беруді көздейді. Ал екінші бағыты қаржылық қиындықтарға ұшыраған іс-әрекет жасайтын заемшылардың сыйақы ставкасын субсидиялау болып табылады. Бірақ оған бизнестері ашық және сауықтырудың қолданыстағы жоспарын ұсынуға дайын кәсіпкерліктер ғана қатыса алады. Біз болжағандай осы шаралар жұмыс істемейтін кредиттердің үлес салмағын төмендетіп, банктердің портфеліне сауықтыруға да жанама әсерін тигізеді.

Реттеу банктердің тарабынан айқын құрылымды меншігі, қаржы ағындары, сондай-ақ болашағы анық бизнесі бар заемшыларға кредит берілуін ынталандыруға бағытталады болады. Бұл шаралар банктердің тарабынан ғана емес, сонымен қатар маңызды болып табылатын корпоративтік сектор тарабынан да тәсілдерді өзгертуді талап ететін болғандықтан біртіндеп енгізілетін болады.

Корпоративтік басқаруды және тәуекелдерді шоғырландырылған негізде басқаруды реттеу мен қадағалауды күшейту арқылы банк қызметінің айқындығын арттыру жөніндегі реттеу шаралары қабылданатын болады. Бірқатар қаржы ұйымдары үшін банк бас ұйымы болып табылатын қаржы конгломераттарының қызмет атқару тәуекелдері қосымша зерттеледі.

Агенттік қаржы ұйымдарындағы тәуекел менеджменті мен корпоративтік басқаруға, директорлар кеңесі мүшелерінің дербес жауапкершілігін арттыруға қойылатын талаптарды күшейтетін болады. Атап айтқанда, қаржы ұйымдарындағы тәуекел менеджменті мен корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру аясында бизнес стратегиясын операциялық қызметтен бөлуге қойылатын талаптар күшейтілетін болады. Бизнесінің стратегиясы бизнестің және бүкіл қаржы тобының ұзақ мерзімді тұрақтылығы қамтамасыз етілетін кезде қаржы ұйымының өсуін, ал саясаты мен рәсімдері – жол берілетін тәуекелдер кезінде стратегияны іске асыру әдістерін көрсетуі тиіс.

Қаржы нарығының эмитенттері мен лицензиаттарының ақпарат пен есептілікті уәкілетті органның атына уақтылы беруі мен олардың дәйекті болуына бақылау жасауды күшейту арқылы акционерлік қоғамдар мен өзге де эмитенттердің корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жария ету жүйесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ акционерлер мен өзге де инвесторлардың мүдделерін қозғайтын ақпарат тізбесін кеңейту, оның ішінде осы тізбеге қоғамның кепілге табыс етілген не өзге тәсілмен ауыртпалық салынған активтері туралы ақпаратты кіргізу жоспарланып отыр.

Агенттік қызметінің тағы бір маңызды бағыты басқа елдердің қадағалау органдарымен өте тығыз ынтымақтастық орнату және олармен ақпарат алмасу

арқылы трансшекаралық қадағалауды дамыту болып табылады. Халықаралық тәжірибеден көріп отырғанымыздай ірі банк конгломераттарын тиімді қадағалау банк тобының қатысушылары реттеуіштерінің арасындағы тығыз әрі тұрақты сұхбатты үзбей жүргізуге байланысты. Әр түрлі елдердің қадағалау органдарының арасындағы өзара іс-әрекет пен ақпарат алмасу тиісті өзара түсіністік туралы меморандумдар жасау арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Агенттік көптеген шетелдік мемлекеттермен бір қатар Өзара іс-әрекет пен ақпарат алмасу туралы келісімдерді жасады және осы бағытта жұмыстар жалғасын табуда.

Қаржы жүйесін тұрақтандыру үшін макропруденциалдық реттеу жолымен қаржы ұйымдарының жүйе тәуекелдеріне тап болғыштығын төмендету мәселесі түбегейлі маңызды болып табылады, бұл өз кезегінде қаржы жүйесін жалпы әлемдік сондай-ақ ұлттық масштабта қайта қалыптастырудың шешуші элементтерінің бірі болып табылатын.

Халықаралық тәжірибеден көріп отырғанымыздай макропруденциалдық реттеу – бұл монетарлық, қазыналық органдар мен қаржы реттеуіштері қабылдайтын іс-әрекеттерді келісу жолымен банк жүйесіне және одан әрі нақты экономикаға макро және микро тәуекелдердің басталуынан туындаған жүйе тәуекелінің ауқымын барынша азайтуға қол жеткізетін тұрақты процесс. Осыған байланысты, реттеуіштердің ұйымдастыру құрылымы екінші рет.

Құрметті ханымдар мен мырзалар, бүгінгі күнде Қазақстан қаржы-экономикалық дағдарыстың жаһандық сипатта болуына орай одан қашып құтыла алмағаны түсінікті. Қазақстан экономикасында 2000 – 2006 жылдарда болған экономикалық өрлеудің өте жедел қарқыны ішкі үйлесімсіздіктің жиналуына алып келді. Дегенмен, өткен жылда белгілі бір дәрежеде қаржы саласындағы жағдайды тұрақтандырдық және оқиға дамуының драмалы түрде аяқталуынан өтіп, экономиканың нақты секторына қолдау көрсеттік.

Баршамызға мәлім дағдарыс әлемдік қаржы нарығының және оның инфрақұрылымының одан әрі дамуының қиын-қыстау жағдайына алып келеді.

Дағдарыс салдарынан экономикалық үйлесімсіздік қаржы нарығының кез келген сегментінде, әсіресе банк қызметіне жатпайтын салаларда туындауы мүмкін, осыған байланысты көптеген елдердің заңнамасында бірінші кезекте макро және микро реттеуіш органдарды үйлестіруді күшейту, ал екіншіден, микрореттеуіштің қадағалау периметрі мен өкілеттігін кеңейту көзделуде.

Бірақ өзалдына жеке алынған елде қаржы нарығын реттеу жағандық қаржы әлемінің жағдайында қауіпсіздіктің келісуге боларлық деңгейін қамтамасыз ете алмайды, барлық елдердің реттеуіштерінің қаржылық тұрақтылық пен қорғаудың мүдделерін және инвесторлар мен қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың мүдделерін ескере отырып, қаржы нарықтарын теңгерімді дамытуға бағытталған үйлестірілген және кәсіби іс-әрекеттер талап етіледі. Осы мәселеде реттеудің халықаралық қаржы институттары негізгі рөл атқаруы тиіс, бұл олар қабылдайтын шешімдердің рөлі мен мәртебесін одан әрі күшейтуді болжайды.

III Астаналық экономикалық форумның барлық қонақтары мен қатысушыларына жаңа дағдарыстан кейінгі әлемдегі барлық бастауларына табыс тілеуге рұқсат етіңіздер.